

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы :”Бөбек лүпілі” жеке меншік балабақшасы

Топ:”Балдырған” кіші жас

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 26.02 - 01.03.2024ж.

Педагогтың аты-жөні :Далабаева М.К

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "2-3 жасар балалардың сөйлеу ерекшеліктері", "Сөздік қор" дегеніміз не?", "2-3 жасар баламен қалай сөйлесу керек?".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын күтуге, үлкен жапырақтардың бетінен шаңды	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалын тауып,	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтардың жалпақ, үлкен, жапырақ беттерінің

	сүлгімен сұртуге қызықтыру, үлгі көрсету, мақтау, қолдау.	сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау.	болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін қалыптастыру, мақтау.	бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	тегіс, қалың немесе жұқа болуын бақылау.
	Саусақ жаттығуы. "Тамшылар". Мақсат-міндеттер. Балаларды тақпақ сөздерін айта отырып, саусақтармен қимылдарды ойдағыдай жасауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту; қардың ерігені туралы ұғымдарын қалыптастыру. Педагог балаларға қардың ерігенін	"Мозаика", "Құрастырғыш" ойындары. Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (танымдық дағдылар)	Саусақ жаттығуы. "Торғай, торғай". Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақ жаттығуындағы торғайдың шығаратын дыбысына, педагогтің соңына ілесіп, еліктеуге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ырғақты қабылдау, қуанышты әсер ала білу қабілетін дамыту. – Торғай, торғай (саусақтарды бүгу, ашу),	"Әсем оюлар" Мақсат-міндеттер. Фланелеграфта қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру. (жапсыру)	"Әр құстың өз орыны бар" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды әр құс түрінің бір өкілі туралы қысқаша әңгімелерден алынған мәліметтерді қолдана отырып жыртқыш, суда жүзетін, батпақты көлдерде өмір сүретін құстардың бейнелері бар суреттерді дұрыс таңдауға жаттықтыру. Барысы. Педагог

	байқатады, үлгіні көрсеткеннен кейін, балаларға қайталатады. Көк аспанға күн шықты, (алақандарды айқастыра қосу, саусақтарды созу, алақандарды ары-бері бұрау) Таратып мың шуақты. Аппақ қарды ерітіп, (саусақтарды ашып-жұму, толқындар жасау) Ағызып мың бұлақты. Тамшыланып ағады, (саусақтармен үстел бетіне, тізеге кезек соққылау) "Там-там-там" – деп соғады, Шатырдан жерге		Шиық-шиық (бір алақанды ашып, оның үстіне екінші қолдың саусақ ұшымен соққылау)! Толған дорба, Лық-лық (алақандарды жұмып-ашу). Дорбаны ашамыз (ашылған алақандарды екі жаққа жаю), Тәтті жем шашамыз (алақандарды бос ұстап, жерге қарай бұлғау). Торғай, торғай, Ұшып келші (алақандарды ашып-жұму). Торғай, торғай, Шоқып терші (бір алақанды ашып, оның үстіне екінші қолдың саусақ ұшымен соққылау).		кестеде бейнеленген құстар туралы шағын әңгімелер тыңдауға ұсыныс білдіреді. Құстардың тұмсығының, аяқтарының құрылымын және қылықтарын сипаттағанда мұқият назар аударуларын сұрайды. Тұмсықтың құстардың өмірінде маңызды рөл атқаратынын айту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)
--	--	--	---	--	--

	түсіп, Шалшық бетін қағады. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)		Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)		
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар. 1. "Биік үй саламыз" жаттығуы. Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау. 1 - қолды жоғары созып, аяқтың ұшына тұру "Биік үй саламыз" деп айтқызу. 2 - бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет). 2. "Кірпіштерді қалаймыз" жаттығуы. Бастапқы қалып отырып аяқты бірге ұстау, қол тізеде. 1 - оң жаққа бұрылып, еденді текшемен ұру "Кірпіштерді қалаймыз" деп айтқызу. 2 - бастапқы қалыпқа келу (сол жаққа дәл осы жаттығу қайталанады). 3. "Шеге қағамыз" жаттығуы. Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау. 1 - жерге отырып, текшелермен еденді ақырын тарсылдату "Шеге қағамыз" деп айтқызу. 2 - бастапқы қалыпқа келу (4-6 рет). (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. <i>Көркем сөз</i> Қомағай қоңыр аю, Нанды шашып жеп отыр.				

	Түсінбедік бір сөзін, Аузы нанға толып тұр. Сөйлемей іш тамақты, тарсылдатпа табақты. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады. Неткен сұлу көктем шақ! Көгалда өскен бақбақ. Сары түс мұнда көп екен, Күннің көзі – нұр көктем. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Аулаға құстар ұшып келді". Мақсат-міндеттер. Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру қабілеттерін дамыту; төрт тағандап жүру кезінде жемістерді жинауға ынталандыру; кірпі секілді дыбыстар	Музыка "Көңілді торғай". Мақсат-міндеттер. Балаларды әуенді сезіну және музыканың әртүрлі темпі мен ырғағын ажырата білу қабілеттеріне үйрету; балаларда таныс аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; қарапайым ырғақты	Дене шынықтыру "Құстар әлемінде". Мақсат-міндеттер. Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен жүру іскерліктерін қайталау; гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру; көктем мезгілі, құстар туралы білімдерін кеңейту; оқу қызметін	Дене шынықтыру "Бұлақ көрсең, көзін аш". Мақсат-міндеттер. Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеуге үйрету; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтай отырып, өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру; еңбектеу	Сенсорикадан ойын-жаттығу "Қуыршақ Дананың киімі". Мақсат-міндеттер. Балаларды заттардың сенсорикалық сипаттарын, түсі мен көлемін, пішінін салыстыра және ажырата алу қабілеттеріне үйрету; заттардың сенсорикалық қасиеті мен сапасы туралы

	шығару арқылы тыныс алу жаттығуларын орындау; балалардың көктем мезгілі туралы білімдерін толықтыру.	қимылдарды есте сақтай отырып, орындай білуге үйрету; хорда айнала жүріп, өлең айта білуге үйрету; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол және саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету; оркестрлық ұжымға деген қызығушылық тудыру; көктем және құстар туралы түсінік беру.	қайталау.	техникасының тәсілдерін меңгерту. Балалардың гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу қабілетін дамыту; гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтай білу дағдыларын меңгерту; қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; еңбектеу тәсілдерін жете меңгере білу қасиеттерін қалыптастыру.	білімдерін әртүрлі іс-әрекеттерде қолдануға дағдыландыру; қоршаған заттардың сенсорлық сипаты туралы түсінік беру.
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Көктемгі ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту,	Жылғалардан аққан суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу,	Мұздарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем	Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары).	Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем

	көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға көктем мезгілі жөнінде жалпы түсініктер беру, күннің жылынуына, құстардың қайтып келуіне назар аудару; қардың еріп жатқанына, адамдардың жеңіл киім киінгенін байқату; ойлау қабілеттерін, зейінді, жағымды эмоцияларды дамыту. - Балалар, қараңдаршы! - Айналада қар еріп жатыр, күн жылыды. - Адамдар жылы киімдерін тастады. - Күніміз бізге күлімдеп тұр, шуақтарымен ойнап. - Көктем, көктем,	сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын жылғарлардан аққан суларға аудару; еріген қардың суларға (шалшықтарға, өзендей ағымдарға) айланатынын байқату; көктемгі құбылыстың, күн жылынып, қардың ерігені туралы алғашқы ұғымдарын қалыптастыру; білімділікке, зеректікке тәрбиелеу. - Тулай бер, өзен! Шулай бер, өзен! Күшінді жазға Сыйлай бер өзен! Сыйлай бер, өзен! Ж. Кәрбозин Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан	әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға шатырлардан салбырап, ілініп жатқан мұздарды алыстан көрсетіп, олардың күн шуағында жылтыр, мөлдір болғанына назар аудару, мұздардың еріп жатқан қардан пайда болғанын, мұздарды ауызға алмау керектігі туралы түсіндіріп, қауіпсіздік ережелеріне баулу. "Тамшылар". Көк аспанға күн шықты, Таратып мың шуақты. Аппақ қарды ерітіп, Ағызып мың бұлақты.	(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. - Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады. - Иә, бұл құстар шиқылдайды. - Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар! Еңбекке баулу	әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқауға, түсін атауға ынталандыру; зейінін, түйсігін дамыту. - Тап-таза көгілдір алаң, Бұл - жердің шатыры аспан. Аспан - күннің мекені, Жұлдыздар мекені. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;
--	---	---	---	--	--

Құстар көкке. Ұшты жан-жаққа Қонды бұтаққа. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Үйректің балапандары мен күшік" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Жүрейік" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Балалардың саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта	түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Үйректің балапандары мен күшік" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын желісін түсініп, кейіпкерлерге еліктеп қимылдауға үйрету; жүгіру және секіру дағдыларын жетілдіру. Педагог балаларға кейіпкерлердің таңбалауыштарын	Құстардың жоқ ұйқысы, Естілмейді дауысы, Басып алды ауланы Тамшылардың дыбысы. Тамшыланып ағады, "Там-там-там" – деп соғады, Шатырдан жерге түсіп, Шалшық бетін қағады. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;	тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау	топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Қаздар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тындап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге үйрету; жүгіруде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаз құстары боласындар. Мені мұқият тыңдаңдар.
--	--	--	--	--

ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. - Жүрейік, жүрейік, Қолды көкке сермейік, Күнге сәлем берейік, Шапалақтап, күлейік. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі. Педагог балалардың жүрудегі қауіпсіздігін бақылай жүреді. "Доптар сияқты секірейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында екі аяқпен сигнал бойынша секіре білу қабілеттерін дамыту;	үлестіреді. - Балалар, үйрек суда жүзуді ұнатады, былай қимылдайды. Педагог қолдарын сәл артқа салып, шағын адымдармен жүруді көрсетеді. - Қанекей, қайталайықшы. Жарайсыңдар! - Ал күшік қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші. - Жарайсыңдар! - Балапандар, балпандаңдар! Басқа балапандардан қалмаңдар! Қаңқылдаймыз, қаңқылдаймыз: Қаңқ-қаңқ-қаңқ! Қаңқ-қаңқ-қаңқ! Ал күшігім жүгіреді, - Ап-ап-ап! Ап-ап! - үреді. - Сен, күшігім, соқтықпа!	топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Жолақша" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, айтылған бағытта жүру қабілеттерін жетілдіру; айтылған сөздерді қайталап, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту. - Қанекей, менің соңымнан жүрейік, аяқ басайық, жол салайық. - Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп!	дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру. - Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ... - Бұл жақта не бар екен? - Тамаша ... Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.	Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап, барлығың жүгіресіңдер. Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақ қарама-қарсы жерге барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек. - Қазым, қазым, қалқылда, Көлде жүзіп салқында. Жем шашайын - жейсің бе,
--	---	--	--	--

	шымырлыққа, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.	Үйректерді қорқытпа! Алғашында педагог күшіктің рөлін өзі атқарады. Балалар жан-жаққа қашады. Содан соң соңғы сөздерде бір жерге жиналады. "Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балалардың бір- біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру.	Біз жүреміз топ боп. "Доптар сияқты секірейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында екі аяқпен сигнал бойынша секіре білу қабілеттерін дамыту; шымырлыққа, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.	Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. "Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе- теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.	Кэмпит берші дейсің бе? - Жоқ, жоқ, Кэмпит, тәтті болмайды ас, Арпа менен бидай шаш. С. Бегалин "Шеңберден шықпа" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар				

	Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. <i>Көркем сөз</i> Қомағай қоңыр аю, Нанды шашып жеп отыр. Түсінбедік бір сөзін, Аузы нанға толып тұр. Сөйлемей іш тамақты, тарсылдатпа табақты. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ауыр тастар көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп-түсіру. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (дене шынықтыру, дербес әрекет)				
Бесін ас	"Қолды қалай дұрыс жуу керек». Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сұрту керектігін түсіндіру. Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сұрту керектігін көрсету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Құстарға жем	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу	Сурет салудан ойын-жаттығу "Әжеге алқа".	"Нысанаға допты домалату" қимылды ойын.

үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	шашайық". Мақсат-міндеттер. Балалардың тұтас кесектен ұсақ бөліктерді үзу, жұлу дағдыларын қалыптастыру; ұсақ бөліктерді екі алақан арасында айналдыру тәсілін жетілдіру; жасалған мүсіндерді "құстарға жем" деп айтуға үйрету; құстарға еліктеп, дыбыстарын сөзбен айтуды жаттықтыру; құстарға деген қамқорлық сезіміне тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойыны: “Менің көңілді добым...” Мақсат-міндеттер: балаларды екі аяқпен секіруді үйрету, мәтінді мұқият тыңдау және	"Аю, тұр! Ояншы!" Мақсат-міндеттер. Балаларға аюдың көктемгі тіршілігі туралы түсінік беру; балаларды тақпақ жаттату барысында байланыстыра сөйлеуге үйрету; жаңа сөз атауларын айтуға дағдыландыру; көктемгі құбылыстар жөнінде ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың тақпақ жаттату арқылы есте сақтауы мен тілін, зейіні мен зеректігін дамыту. Ритмикалық ойын. "Би билеген баламыз". Мақсат-міндеттер. Балаларды әуеннің ырғағына сай қимылдап, тақпақ	"Көктем шақырады". Мақсат-міндеттер. Балаларға көктем мезгілі туралы негізгі ұғымдар беру; көктем мезгіліне тән табиғат құбылыстарын байқап, олардың адам өміріне тигізер ықпалы туралы түсініктерін қалыптастыру.	Мақсат-міндеттер. Балаларды қағаз бетіндегі көлденең доғалы сызықтың ұзындығын бақылап, қарындашты үш саусақпен ұстап, сызықтың сол жақ ұшынан бастап, солға қарай сызыққа тигізіп, асықпай көлемдері бірдей дөңгелектерді салуға үйрету; бір "моншақтан" кейін келесіні, кескіндері бірі-біріне тиетіндей, тығыз салып шығу тәсілдеріне жаттықтыру; сызықты көбірек "моншаққа" толтыруға дағдыландыру; әшекейлердің қыздар тағатын әдемі бұйым екені туралы түсінік беру.	Балалар екі қатарға бөлініп тұрады, тізілген кеглилерді қолдарындағы допты домалатып, көздеп құлату керек. Әрбір бала өзінің неше кегли құлатқанын есінде сақтауы тиіс. Допты оң қолмен, сол қолмен де домалатуға болады. (дене шынықтыру)
--	--	---	---	---	--

	мәтіннің соңғы сөз айтылған кезде ғана допты қуалау керек. Тыныс алу жаттығуы. (дене шынықтыру)	сөздерін айтуға ынталандыру; түйсікті, эмоциялық сфераны дамыту. - Жаттығу жасап көреміз, (адымдау) Қолды көкке көтеріміз, (қолдар жоғары) Түсіріп белге төмен, (қол белде) Еңкейеміз, еңкейеміз. (оң-сол жаққа еңкею) Өкше қойып, басамыз, (оң жақ өкше, адымдау) Өкше қойып, басамыз. (сол жақ өкше, адымдау) Міне, қандай әдемі, (қол белде, бас шайқау) Би билеген баламыз. (шапалақтау) (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)			
--	--	---	--	--	--

Балалармен жеке жұмыс	"Құстарға жем". Мақсат-міндеттер. Ермексаздан шамасы бірдей ұсақ кесектерді үзу, жемдерді илеу амалдарын игерту. (мүсіндеу)	"Қандай аңға не бересің?" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттер. Балалардың аңдар ойыншықтарын атауға, олардың әрқайсысына қандай затты (коректі) беретінін айтуға ынталандыру, дағдыландыру; әлеуметтік қатынастар негіздерін салу, тілін, эмоциялық құбылыстарды дамыту. Құралдар: аңдар ойыншықтары (резинадан, пластиктен жасалған), жеміс пен көкөністердің, өзге ұсақ заттардың нақпіншілері. - Балалар, бізге қандай аңдар келді?	"Күндер". Мақсат-міндеттер. Ермексаздан кесектерді үзіп жұлу, шарларды илеу, бағандарды есу, ұштарын қосу амалдарын игерту. (мүсіндеу)	"Сылдырмақтармен билеу" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды музыка ырғағына, педагогтің көрсеткеніне сай қимылдарды орындауға дағдыландыру; жағымды эмоцияларды дамыту. 1. Сылдырмақ еденде жатыр. Аяқты табанға қою. 2. Екі жаққа бұрылып, жартылай отырып-тұру. 3. Қол шапалақтау. 4. Екі аяқпен секіру. 5. Айналу. 6. Сылдырмақты жоғары көтеріп, сылдырлату. 7. Сылдырмақпен билеу. Жаттығу соңында әуен ырғағымен	"Құстардың дауысы" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға құстардың дыбыстары жайындағы түсініктерді беру, құстардың дыбыстарын еліктеуіш сөздер арқылы айтқызып, артикуляциясын жетілдіру. Балалар ерексек адамның сұрақтарына сәйкес құстардың дауысына еліктеп, аталған құстың дауысын салып жауап береді. - Қарға қалай дыбыстайды? (Қарға қарқылдайды. "Қар - қар - қар" - дейді!) - Бұлбұл құс қалай дыбыстайды?
-------------------------------------	---	---	--	--	--

		- Қандай аңға не бересіңдер? Балалар қоянға - сәбіз, түлкіге - кәмпит, қасқырға - бауырсақ, - тиінге - саңырауқұлақ беретіні туралы айтып жатады. - Қандай аңға не береміз? Дәмді қоректі тереміз: Қоянға - сәбізді, Түлкіге кәмпитті, Қасқырға болсын бауырсақ, Тиінге - саңырауқұлақ. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)		сылдырмақтарды себетке салуға шақыру. (музыка)	(Бұлбұл сайрайды. "Төх - Төх" - деген дыбыс шығарады.) - Торғай қандай дыбыс шығарады? (Торғай шырылдайды. "Шиық-шиық!" - дейді.) - Көкек қалай дыбыстайды? (Көкек: "Көкек-көкек" - дейді.) (сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	"Тілалғыш түймелер мен баулар". Мақсат-міндеттер: балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі уақыттағы серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем				

	әдебиет)
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Фланелеграфта қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табакты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, дамытушы ойындар. (сенсорика) Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.

	Табиғат бұрышын қарастыру. (қоршаған ортамен танысу) Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "2-3 жасар балалардың сөйлеу ерекшеліктері", "Сөздік қор" дегеніміз не?", "2-3 жасар баламен қалай сөйлесу керек?"

Тексерген: Бекишева М.А. 